

## БОЛАШАҚ ЖАСТАРЫМЫЗДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

*A.A. ШЕНГЕЛБАЙ*

Жастарымызды отансүйгіштікке тәрбиелу туралы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында Қазақстанның патриотизм, саяси ерік, жігер – жаңа Қазақстанның құрудың аса маңызды факторлары бөлімінде «Өткен жолымыз лайықты жол болды, ал біздің бірлескен шешімдеріміз бен тыңдырған істеріміздің нәтижесі таңғаларлықтай болды. Мұның бәрі де жаңа жалпы қазақстанның патриотизмнің іргетасын қалап, біздің Отанымыздың, біздің барша көпүлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екені негізгі маңтаныш пен сенімді туындарады», – деп атап көрсетілген [1].

Көпүлтты Қазақстан халқы үшін Отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттің материалдық негізін ынғайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алудына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Қазіргі кезде республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сактауда тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстанның патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің республика халқына жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи салыны қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім

беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Бала құқығы туралы декларацияда» және үкіметтің құжаттарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі мақсаты – «қазақстанның патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру» – деп бүгінгі XXI жаһандануғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр [2].

Қазақ халқының отбасы тәрбиесіне қатысты педагогикалық идеялары мен тәрбиелік тәжірибелері ете бай. Отбасы – халықтың салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарының сақтаушысы. «Ат түяғын тай басар» деп аға үрпак келер үрпактың ата салтын бұзбауын талап еткен. Тәрбиенің біртұтас өзіндік жүйесінің қалыптасуына ықпал етуші басты себеп қазақ халқының балажандылығы, балаға деген өрекше маҳаббаты, ілтипаты болса керек.

Халықтың осындағы асыл қасиетіне кезінде тамсанып, таңданған этнограф, фольклорист, зерттеушілер жеткілікті екені белгілі. Мәселен, Шиле айтқандай: «Қазақтың әйеліне немесе балаларына қол жұмсағанын біреу-міреу көрді ме екен! Олар, әсіресе, балаларға мейірімді», – десе, ал А. Диваев болса: «Қазақтардың арасындағы тіпті аз уақыт болғандардың өзі олардың балажан екенін байқайды», – деп атап көрсетеді. Қазақ баласының тәрбиесі

ата-аналарының күнделікті іс-әрекеттері мен көшпелі тұрмыс қалпына байланысты болды. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп аға үрпақ келер үрпақты ізгілікке тәрбиелейді. Отбасының қазақ халқының өмірінде алатын орны тіпті ерекше. Бұл реттегі отбасының өзгеше әлеуметтік күші – екі жас бірімен-бірі жұптасып, шаңырақ көтерген кезде екі рулы елдің жақындасуына себепкер болды. Қазақтың ұлт болып қалыптасусы мен әлемдік үрдіс ішінде өзінің тарихи орнын иемдеуінде осы фактордың ерекше әсерін атап көрсетуге болады. Отаншылдыққа тәрбиелеу барысында алдымен патриоттық сана қалыптастыру, патриоттық сезімін ояту, патриоттық іс-әрекетке бейімдеу жұмыстары атқарылады. Патриоттық сананы тұлғаның ішкі жан дүниесінің қозғалыстары деп қарастыратын болсақ, ол сезімнен және іс-әрекеттен көрініс табады. «Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», – деген Абай қоршаған орта дұрыс болса, тұлғаның бойындағы рухани-адамгершілік қасиетті дамытуға болатынын көре білген. Ұлттық патриотизм ұғымы жөнінде әртүрлі көзқарас бар. Ұлттық патриотизмді жекеленген, оқшауланған ұғым деп қабылдауға тырысады. Жоқ, ұлт бар жерде ұлттық патриотизм бар. Қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да ата-бабаларымыздың ұлттық рухының жоғары болуында десек, артық айтпаған болар едік, демек, бұл – тарихи шындық.

Ұлтжандылық дегеніміз – елі мен жерін, халқының бостандығын және мемлекет ретінде тәуелсіздігін сақтау, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу. Ұлтжандылықты қазақ патриотизмі деп те қарастыруымызға болады. Ұлтжандылық – ұлт бостандығы, елі мен жерінің тәуелсіздігі, білім мен ғылым, мәдениет, спортта әлем саты-

ларының биік шынынан көрінуі негізгі ұстаным болып табылады. Қазіргі қоғамда Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі өзегі ұлттық патриотизм екені дау тудырмайды.

Патриотизм «философиялық сөздікте», «адамгершілік және саяси принцип ретінде, әлеуметтік сезім мазмұны отанға деген сүйіспеншілік болып табылатын, оған берілгендей, оның кешегі және бүтінгісі үшін мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға ұмтылуымен анықталады» [3].

Осы анықтамада ұғымның әлеуметтік мәні бөлініп шығады. Оның негізін қоғамдық принцип, мінез-құлық ережесі құрайды. Сезімдік жағы қоғамдық құбылыс ретінде, қоғамдық дамудың бүтінгісі ғана емес, ертеңі де және өткені де қозғау болып қарастырылады. Анықтамада патриотизмнің мінез-құлықтық факторының рөліне ерекше көңіл аударылу керек, өйткені, қоғам мүддесі үшін, тек адамның белсенді әрекеті арқылы оның нағыз патриоттық сезімдері көрінеді.

«Этика бойынша сөздікте» ұғымның анағұрлым толық анықтamasы ұсынылады: «Патриотизм – адамдардың өзінің еліне қарым-қатынасын сипаттайтын қоғамдық және адамгершілік принципі, белгілі бір әрекет бейнесінде және әдетте, Отанға сүйіспеншілік» деп алатын, қоғамдық сезімде көрсетіледі [4]. Осы анықтамада патриотизмнің қоғамдық-адамгершілік аспектісі, оның әлеуметтік мәні жетекші рөл атқарады. Принцип адамдардың қоғамдағы мінез-құлық ережесі сияқты, осы қоғамдағы оның мүшелерінің білуі және орындауы үйіралады, сондықтан анықтамада адамдардың өзінің еліне қарым-қатынасымен сипатталу принципі болып көрсетілуі кездейсоқ емес. Қарым-қатынас өз кезегінде анықтамада көрсетілгендей, адамдардың әрекеттері және сезімдер жиынтығы арқылы

көрінетін, оның ішінде сезімі жетекші болып табылады.

Философ А. Айталының тұжырымдауы бойынша «Өркениетті ел, ұлт» деп мәдени құндылықтарды өз бойына сініре білген, өз ерекшеліктерін басқа өркениетпен ұштастырган мемлекеттер мен халықтар ажыратылады. Өркениетті ел, ұлт деп **экономикалық тұрғыдан алғанда – қоғамдық-өндірістің, ғылыми технология жетістіктерінің нарықтық экономика негізінде тиімді даму жолдарын менгерген, әлеуметтік тұрғыдан – азаматтарға әлеуметтік қамқорлық жасауға қол жеткен, саяси тұрғыдан – жеке адамның жетілуіне жағдай жасалған, халықаралық тұрғыдан – ұлтаралық, халықаралық қайшылықтарды бейбіт жолдармен шешуге бет алушы айтамыз.**

«Өркениетті ел, ұлт» деп мәдени құндылықтарды өз бойына сініре білген, өз ерекшеліктерін басқа өркениетпен ұштастырылған мемлекеттер мен халықтар ажыратылады» [5, 53 б.].

Өркениетті ел, ұлт деп мәдени құндылықтарды өз бойына сініре білген, өз ерекшеліктерін басқа өркениетпен ұштастырган мемлекеттер мен халықтар ажыратылады. А.С. Макаренко өсіп келе жатқан үрпаққа тәрбие берудің әртүрлі аспектісін қарастыра келіп, мектептің өмірмен байланыстылығы Лениндік принципіне сүйеніп, патриоттық тәрбие беруде социалистік құрылым тәжірибесінде окушыларды белсенділікке тартып, еңбектің қоғамдық пайдалы рөліне орасан зор мән берді. Патриоттық тәрбие деп «социалистік қоғамның белсенді қайраткерін тәрбиелеу, шыныққан, революцияға берілген, шат көнілді, қatal қайраткерлердің тұтас үрпағын тәрбиелеу» деді ол. Патриоттық тәрбие беру мәселелерін арнайы зерттеумен айналысқан С.Т. Иманбаевың еңбектерінде окушылардың ұлттық жауынгерлік

дәстүрі арқылы ерлікке баулудың ғылыми-теориялық негіздерін педагогикалық тұрғыда алғаш рет қарастырып, тарихи және теориялық мазмұны айқындалады. Ұлттық жауынгерлік дәстүрлердің құндылықтары жинақталған ғылыми-әдістемелік кешен негізінде білім мен тәрбие беру арқылы окушының жеке басылық қасиетінің қалыптасуына ықпал ететін тәрбиелік жүйе ретінде қарастырады [6].

Л. Сайдахметова: «Ұлттық патриотизм дегеніміз – ханмен, текпен туа бітетін, тәлім-тәрбие арқылы жетілетін ұлттық сипаттағы саналы іс-әрекет пен мінез-құлыш», – деп анықтама берген. Сонымен бірге ол «Қазақстандық патриотизм дегеніміз – Қазақ мемлекетін отаным деп сезіну, басқа ұлттардың қазақ халқына сый-құрметпен қарауы, әр ұлттың құқықтық еркіндігін қуаттай отырып, туған жерін көркейтуге және оны қорғауға дайын болуы» деп жазады. Болашақ жастардың патриоттық іс-әрекетін үйімдастыру өзін-өзі тәрбиелуін не істесе де Отаны, ұлты, халқының мұддесін көздеу деп санаймыз. Өз мұддесін көздең сапалы орындаған жұмыстардың өзін Отанға қосқан үлес ретінде қарастырудың маңызы зор. Осыны әркімнің санасында сініргендеғана біз нағыз патриоттар тәрбиелей аламыз.

Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы ұлттық патриотизмнің басты көрінісі – қазақтың ана тілінде сейлеуі, балаларына ұлттық тәрбие беруі, ұлттық мінез, жүріс-тұрыс қалыптастыру, ізет, құрмет, қайырым, мейірім, тағы да бай сезімдермен байыту.

Тәрбие де, патриоттық сезім де отбасында қалыптасады. Енді отбасын кадір тұтпаған, сүймеген адам отанын да сүйе алмайды ғой. Ал мектеп, жоғары оку орны, орта, қоғам сол отбасында алған тәрбиені дамытады.

Корыта келе ел болып еңсемізді

көтеріп, мақтандышпен: «Біз Қазақ де-  
ген халықтың. Фасырлардан фасырды  
асырған тарихы, шежіресі бар елміз.  
Ата-бабамыз мирас етіп қалдырған кең-  
байтақ жер, мол қазына, сән-салтана-  
тымыз бар», – деп айту бәрімізге жара-  
сымды. Өйткені біз текті үлттан тараған  
адамдармыз. «Тұні бойы жоқтапты да  
жылапты, таң атқанда «өлгөн кім?»

деп сұрапты» демекші, ертең үлтты жоқ  
ел атанудан құдай сактасын. Үлтты жоқ  
үрпақ өсіру – Алла тағала алдында да,  
ата-бабаларымыздың рухы алдында  
да кешірілмес күнә, және де «Қазақ»  
деген үлттан бас тартқан қазақ бар  
болса, оны қазақ топырағы да көтере  
алмас...

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Алматы. 2007. -72 б.
2. Қазақстан Республикасындағы “Білім туралы” Заң. – Алматы: Юрист, 2003. – 22 б.
3. Шацкий С.Т. Избранные педагогические сочинения. В 2 т. / Сост. Л.Н. Скаткин и др. / Под ред. Н.П. Кузина и др. – М.: Педагогика, 1980. – Т.1. – 304 с.
4. Словарь по этике / Под ред. И.С. Коня. – М: Политиздат, 1983. – С. 243-386.
5. Айталы А. Үлттану. – Алматы: Арыс, 2003. – 226 б.
6. Нурмукшев С.К. Развитие военно-патриотического воспитания в старших классах в школах Казахстана /1960–1985/. Автореф. ... к.п.н., 13.00.01. – Алматы, 1993. – 180 б.

### РЕЗЮМЕ

В статье обосновывается актуальность патриотического воспитания молодежи и раскрывается сущность понятия «патриотизм».

### СОЛГЫН

The article deals with the topical issues of educating the young patriots and determining the sense of the notion «patriotism».